


негізгі түрленулері келесі сұлбамен өтеді:



Күшті гидрлеуші қасиеті бар катализаторлардың қатысында полициклді ароматты көмірсутектердің гидрокрекингі нафтенароматты көмірсутектерді түзу арқылы өтеді. Бұл жағдайда полициклді қосылыстардың гидрленген сақиналары ыдырауы изомерлеу сатысы арқылы өтіп, бес мүшелі сақинаны түзеді. Полициклді қосылыстардың циклопентанды сақинаның ашылуы, негізінен, бензолды немесе циклогександы сақиналардың байланыс орнымен өтеді. Бензол, циклогексан және олардың туындылары ыдыраудың соңғы өнімдері болып табылады. Нафталин мысалында гидрокрекинг процесінде полициклді ароматты көмірсутектердің түрлену сұлбасы төменде көрсетілген:

